

огромные возможности компьютера как средства обучения, способствует развитию функциональной грамотности обучающихся.

Современное общество предъявляет повышенные требования к образованию и общему развитию учащихся. Необходимо научить каждого ребенка за короткий промежуток времени получать, перерабатывать, оценивать и использовать в практической деятельности большой объем информации. Очень важно организовать процесс обучения так, чтобы ребенок активно, с интересом и увлечением работал на уроке, видел плоды своего труда и мог самостоятельно их оценить.

Более того, внедрение в учебный процесс использования мультимедийных программ вовсе не исключает традиционные методы обучения, а гармонично сочетается с ними на всех этапах обучения: ознакомление, тренировка, применение, контроль. Тем самым использование компьютера позволяет не только многократно повысить эффективность обучения, но и стимулировать учащихся к дальнейшему самостоятельному изучению английского языка.

Развитие информационно-коммуникационных технологий требует своевременных изменений в системе их использования при оценивании знаний, что обуславливает изменения способов обучения, методик и технологий, ИКТ являются значимым инструментом, помогающим учителям в преподавании, позволяя им облегчить объяснение и обеспечить понимание учащимися научных понятий. Следовательно, очень важно, чтобы учителя тщательно обдумывали использование ИКТ в преподавании.

Для компетентного учителя характерна тесная взаимосвязь теоретических и практических видов знаний. При внедрении ИКТ названное единство обеспечивает продуманность их использования, что будет способствовать улучшению процессов преподавания и обучения. При использовании на занятиях теоретических и практических знаний определяющим фактором является сформированность знаний в области содержания образовательного процесса, методики, технологии.

Внедрение информационных технологий в обучение значительно разнообразит процесс восприятия и обработки информации. Благодаря компьютеру, Интернету и мультимедийным средствам учащимся предоставляется уникальная возможность овладения большим объемом информации с ее последующим анализом и выводом. Значительно расширяется и мотивационная основа учебной деятельности. В условиях использования мультимедиа учащиеся получают информацию из газет, телевидения.

В заключение необходимо подчеркнуть, что интегрирование образовательных технологий в преподавании отдельных предметов требует готовности учителя к динамичному развитию, активному использованию во взаимосвязи аспектов обучения, что является показателем компетентного понимания процесса обучения и преподавания.

Список литературы:

1. Белякова М. А. Международная проектная деятельность как способ раскрытия творческого потенциала личности ученика // Иностранные языки в школе. – 2007. – №3.
2. Галиулина Т.Н. «Обучение иностранному языку с помощью новых информационных технологий». Материалы Региональной Научно-практической конференции «Английский язык в системе «Школа – Вуз», Новосибирск, 20 июня 2003г.
3. Гусельникова Е.В. «Как работает школьный Интернет-класс», Москва, РАО, 20006.

Файзиев Нұржан Сапарханұлы
«Сырдария» университеті магистр, аға оқытушы
Жетісай қ

**ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН
ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**

АННОТАЦИЯ

Мақалада қоғам мен заман талабына сай білікті жаңашыл педагог кадрларды даярлауда сын тұрғысынан ойлау технологиясының артықшылықтары зерделенген.

Болашақ педагог кадрларды жаңашыл, жеке тұлғалық ой-пікірі қалыптасқан, жаңалыққа құштар, жаңаша көзқарастарға ие етіп шығару бүгінгі күннің кезек күттірмес өзекті мәселелерінің біріретінде қарастырылған.

Зерттеу нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының бірнеше артықшылықтары анықталған: пәнге және мамандығына деген қызығушылығының артуы, сабақта белсенділігінің жоғарылауы, өз ойын еркін жеткізе алуы, жаңаша көзқарастары мен сөйлеу дағдаларының қалыптасуы.

Түйінді сөздер: жаңашыл педагог кадрлар, сыни ойлау, инновация, технология.

АННОТАЦИЯ

В статье изучены преимущества технологии критического мышления в подготовке квалифицированных кадров педагогов-новаторов, отвечающих современным требованиям общества.

Совершенствование будущих педагогов-новаторов, со сформированным личностным мнением, со стремлением к новизне и современным мировоззрением является на сегодняшний день одной из актуальных проблем.

В результате исследования технологии критического мышления определены такие преимущества: повышение интереса к предмету и профессии, повышение активности на уроках, свободное изложение мыслей, формирование новых взглядов и навыков речи.

Ключевые слова: педагоги-новаторы, критическое мышление, инновация, технология.

ABSTRACT

In article explored benefits of the technology critical thinking skills training educators and innovators to meet modern requirements of society.

Improving the future teachers-innovators, with the generated personal opinion, the tendency for novelty and modern worldview is today one of the most urgent problems.

A result of research technology of critical thinking identified the following advantages: increasing interest in the subject and the profession, increased activity in the classroom, a free presentation of ideas, the formation of new attitudes and skills of speech.

Keywords: innovative teachers, critical thinking, innovation, technology.

Жаңа, жаңа бастама, жаңа идея, жаңашылдық, жаңа көзқарас, жаңаша ойлау міне осы аталған ұғымдар бүгінгі күннің орамы ойдан түспейтін, еліміздің өресін өсіріп, өрісін өрлететін, беделін биіктетіп, болашағын бағамдайтын аса бір ерекше ұғымдар. Еліміздің бүгінгі жеткен жетістігінің өзі ол әрине жаңалыққа ұмтылуы мен халықтың тынбай еңбек етуінің жеміс екендігі анық. Бұл сөзімізге дәлел ретінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында баяндаған «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы... Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады»-деген рухты сөздерін айырықша айтуымызға болады [1].

Иә мемлекетіміздің мынадай өркендеуі, ғылымы мен білімі арқылы қол жеткізген жетістіктерінің арқасында әлемдік алпауыт елдердің алдындағы абройының өсуі жаңалыққа ұмтылуы. Осы тұста жаңалықты, жаңашылдықты қайдан, кімнен бастауымыз қажет? деген сұрақтардың тууы да ғажап емес. Бұл сұрақтың бірден-бір жауабы адамның көкірек көзін ашып, тәрбие мен білімнің дәнін егіп, өмірге адам ретінде жолдама беретін педагог қауымы десеп артық айтпағандық болар.

Адамның білімді де білікті, жан-жақты қалыптасқан, ел мүддесі үшін қызмет ететін, болашаққа қажетті тұлға болып өсуі, оның мектеп табалдырығында алған білімімен анықталатыны белгілі. Қазақтың ұлы ағартушы ғалымы Ахмет Байтұрсынов «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болады. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шығады. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деп педагог кадрлардың қандай болу керектігін осындай ой ашықтарымен дәлелдеп кеткен.

Демек жаңашыл педагог кадрларды даярлауда басты назарға алынатын нәрсе олардың жеке ойының қалыптасқан, тұлғалық ой-пікірі бар, жаңаша көзқарасын білдіріп, жаңа идеясымен бөлісе алатындығы болмақ. Бұл мәселелерді қалай шешуімізге болады? Қазіргі таңда педагогика ғылымында көптеген жаңаша оқыту технологиялары пайда болуда, солардың бірі сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау теориялық тұрғыдан да, педагогикалық тұрғыдан алғанда да үлкен маңызға ие. Сын тұрғысынан ойлау туралы көп зерттеулер жазылған, бұл тақырыпқа арналған көптеген конференциялар өткізіліп, білім беру саласында сын тұрғысынан ойлауды өрістетуге бағытталған көптеген бастамалар қолға алынған. Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту қазіргі таңда жиырма тоғыздан аса мемлекеттерде қолданылады. Бұл идеялардың негізін қалаушы ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит, Выготский, Пиаже, Эльконин-Давыдовтар және басқа да ғалымдардың еңбектерінің ең құнды жерлері көрініс тауып, идеялар тоғысып, біріктіріліп келеді.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Сын тұрғысынан ойлау-ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сын ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сын ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар, өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сын көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру [2, 3 б.].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы жалпы алағанда болашақ мамандардың өз мамандығын терең меңгере отырып, өз саласын жетілдіруді мақсат тұтатын жаңаша идеяларға толы заман талабына сай білікті кадр болып шығушына толық негіз болады. Бұл сөзімізге дәлел ретінде педагогикалық мамандықта оқитын студенттерге эксперимент жұмыстарын жүргіздік. Бұл зерттеу педагогикалық мамандықтарға бір семестр бойы өткізілген «Сындарлы оқыту» пәнінің қорытындысы ретінде студенттер арасында сауалнама түрінде жүргізілді. Сауалнамаға 138 студент қатысты.

Педагогикалық мамандықта оқитын студенттерге «Бұл пәнге қандай сипаттама бересіз?»-деген сұраққа олардың жауаптары төмендегідей сипаттарды қамтыды:

Кесте 1

Сипаттамалар	%
Еркін ойлауға мүмкіндік береді	11,5
Сөйлеу қабілетін қалыптастырады	5,1
Жаңаша ойлауға жағдай жасайды	12,4
Пәнге, мамандыққа деген қызығушылықты арттырады	20,4
Оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынасты нығайтады	16,2
Кез-келген мәселенің басқада шешімінің бар екендігіне көз жеткізеді	5,4
Жеке көзқарасты қалыптастырады	11,3
Айтқан сөзінді дәлелдеуді қажет етеді	8,5

Зерттеу жұмысымыз көрсеткендей жоғарыдағы сипаттамалардың барлығы да сын тұрғысынан ойлау технологиясының артықшылықтарын баяндайды. Ең жоғары көрсеткішті көрсетіп тұрған сипаты «Пәнге, мамандыққа деген қызығушылықты арттырады» - деген сөздері болды. Оның себебін сұраған кезде студенттер өз мамандығының ерекшеліктеріне қарай жауап берді.

Мәселен, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына студенттері – біз ақын жазушылардың өлеңдерін тек жаттатқызып ғана қоймай ондағы барлық сөздерге мән беріп, оның мағанасына үңіліп, тәрбиелік мәнін ашып өмірлерімен байланыстырып өтеміз десе, Тарих мамандығының студенттері –біз тарихтағы оқиғалар мен жаугершіліктерді баяндап қана қоймай, сол оқиғалардың шығу себептеріне үңіліп, тарихтағы қателіктерді анықтауға тырысып, олар туралы оқушылардың ой пікірлерін біліп отыра сабақ өтсек сабағымыз қызықты, және тартысты болады деп сенеді. Биология мамандығының студенттері – Бізге мектепте табиғаттағы жан-жануарлар мен өсімдіктер жайлы мәліметтер беріп, оларды жатқа немесе оқып айтып берумен шектелгенбіз, ал сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы жан-жануарлардың табиғаттағы алатын орны, олардың қызметі, оларды адам өмірімен байланысы, жаратылу ерекшеліктері, көптеген жануарлардың жер бетінен жоқ болып бара жатқандығын анықтау, оған өз ой-пікірін айту кез-келген оқушының пәнге қызығушылығын оятады деп тұжырымдайды.


Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз мамандығыңызда пайдалану тиімділігі қаншалықты деңгейде деп білесіз?-деген сұраққа берілген жауаптарды төмендегідей кестеде көрсеттік.

Кесте 2

	Сауалнамаға қатысқан мамандықтар	Жоғары %	Орта %	Төмен %	Білмеймін %
	5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	71,8	19,2	5,7	3,3
	5B010900 – Математика	79	13,3	5,2	2,5
	5B011000 – Физика	67,8	20,8	7,1	4,3
	5B011200 – Химия	64,2	19,6	10,2	6
	5B011300- Биология	84,6	10,2	3,2	2
	5B011400 – Тарих	81	15	4	-
	5B011600– География	79	14,3	5,2	1,5
	5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті	64,2	29,6	4,2	2
	Барлығы	73.9	17,7	5,6	2,7

Сонымен кестеден көріп тұрғанымыздай, «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз мамандығыңызда пайдалану тиімділігі қаншалықты деңгейде деп білесіз?»-деген сұраққа сауалнамаға қатысқан барлық мамандық студенттерінің 70%-ға жуығы жоғары деңгейде бағалаған. Жалпы сегіз мамандықтың ортақ көрсеткішін алғанда жоғары деңгейде бағалағандар 73,9%-ды құрады. Орта деңгейде деп бағалаған студенттердің үлесі 17,7%-ды қамтыды, төмен деңгейде бағалаған студенттердің үлес салмағы 5,6%-ды ғана қамтыса, білмеймін деп жауап бергендердің саны 2,7%-ды ғана болды. Нәтиже көрсеткендей барлық

мамандықтың студенттеріне сын тұрғысынан ойлау технологиясы оң көрсеткіш көрсеткендігі айқын байқалады. Алынған жауаптың нәтижелерін диаграмма түрінде де ұсынуды жөн көрдік.



Сурет 1 - Сын тұрғысынан ойлау технологиясын педагогикалық мамандық студенттерінің бағалауы

Қорыта айтқанда сын тұрғысынан ойлау технологиясы студенттердің оқудағы көзарастарын өзгертіп, белгілі бір нәтижеге бағытталған, өз бетінше жұмыс жасауына ықпал ететін іс-әрекеттерге көшуіне негіз болады деп тұжырымдадық. Конфуцийдің «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң -үйренемін» - деген сөзін негізге алған сын тұрғысынан ойлау технологиясы, студенттің өз бетімен жұмыс жасап, оқытушы тек ұйымдастырушы ғана болуы. Мұндағы оқыту стратегиялары адамды жаңашылдыққа, өз бетімен ойлауға және оларды нақты деректермен көрсетіп дәлелдеуге үйретеді. Кез келген білімді және ондағы идеяларға сын тұрғысынан қарап, сыни көзқарасынды дәлелдеу адамды мақсаттылыққа, өз ойын еркін жеткізуге дағдыландырады.

Зерттеу нәтижесінде сын тұрғысынан ойлау технологиясының бірнеше артықшылықтарын атап айтуымызға болады: пәнге және мамандығына деген қызығушылығының артуы, сабақта белсенділігінің жоғарылауы, өз ойын еркін жеткізе алуы, жаңаша көзқарастары мен сөйлеу дағдаларының қалыптасуы, бірін-бірі оқытуға және дамытуға үйренуі.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 30.11.2015 ж.
2. Тлеубаева С.О «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолданудың тиімділігі» http://www.gmk-semey.kz/metod_mat, 2013 ж.

Фоменко Инна Васильевна
Бакалавр профессионального обучения,
п.Карабалык